

Сабақтың тақырыбы:

Сайын Мұратбеков – шығармашыл тұлға

Қазақ тілі мен әдебиеті

Оқу мақсаттары:

11.1.4.1 көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау.

Сабақтың мақсаты:

Көркем шығарманы басқа өнер туындыларымен салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жазу.

Бағалау критерийлері:

- *тыңдалым мәтінінің мазмұнын басқа мәліметтермен салыстырады;*
- *тақырып ортақтығына сипаттама жазады.*

Сөздікпен жұмыс. Жазылым. Оқылым

Тақырып бойынша жаңа сөздер таныстырылады.

<i>Жаңа сөздер</i>	<i>Сөздердің баламасы</i>
Санаға сіңіру	ойға түю
бетімізден қақпай	әлпештеп
пікірінен таңбау	сөзінде тұру

Мәтіналды жұмыс

Жазылым. Айтылым

1-тапсырма. Берілген ақпаратты түсініп оқып шығындар. Қою әріппен берілген сөздердің синонимдерін жазындар.

1. Зергер сөздің шебері, жазушы Сайын Мұратбеков — өмірдің болмысын **шынайы** бейнелейтін таңғы шықтай **мөлдір** шығармалары арқылы оқырмандардың жан жүрегін баурап, **ықылас-құрметіне** бөленген **сирек** дарын иесі. Сайын — біздің ұлттық **құндылығымыз**, оның шығармасының **ғұмыры** ұзақ. Бүгін болмаса, ертең ұлтына қарамай-ақ өз **оқырманымен** ажырамастай табысатыны кәміл (жазушы Шерхан Мұртаза).

2. Сайын Мұратбеков шығармаларында соғыстан кейінгі қазақ ауылының **тыныс-тіршілігі** шынайы да **көркем** суреттеледі. Оның кейіпкерлерінің **жан-дүниесі** романтикаға толы сыршыл болып келеді (жазушы Сағат Әшімбаев).

Дескриптор:

- *берілген ақпаратты түсініп оқиды;*
- *сөздердің синонимдерін табады.*

Мағынаны тану. Мәтінмен жұмыс



Тыңдалым. Айтылым

2-тапсырма. Мәтінді түсініп тыңдаңдар. Мәтін мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беріңдер .

- Сайын Мұратбеков қай жылы дүниеге келген?
- Ол қай университетті бітірген?
- Оның қандай шығармалары бар?
- Жазушының қай шығармасы бойынша кинофильм түсірілген?
- Жазушы қай жылы қайтыс болған?

Дескриптор:

- мәтін мазмұнын түсінеді;
- мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді.

Жазылым

3-тапсырма. «Венн диаграммасы» әдісі

Берілген сілтеме бойынша бейнематериалды тыңдап, тыңдалым материалымен салыстырыңдар. Ортақ мәліметтер мен айырмашылықтарын анықтаңдар.

https://youtu.be/flWXE3_8Ci0

Дескриптор: Білім алушы

- тыңдалым мәтінін басқа мәліметтермен салыстырады;
- тақырып ортақтығына сипаттама жазады.

Мәтінсоңы жұмыс

Айтылым

4-тапсырма. Сабақтағы және қосымша дереккөздегі ақпаратты пайдаланып, Сайын Мұратбеков туралы тұсаукесер дайындаңдар.

Дескриптор: Білім алушы

- *қосымша дереккөздерін пайдаланып, мәлімет табады;*
- *тақырып бойынша тұсаукесер дайындайды.*

Бүгінгі сабақта:

- *Тыңдалым мәтінін тыңдап, басқа мәліметтермен салыстырдық.*
- *Тақырып ортақтығына сипаттама жаза алдық.*
- *Тыңдалым мәтіні мен қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтер бойынша тұсаукесер дайындадық.*



Оқу тапсырмасы

5-тапсырма, 133-бет. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, хронологиялық кестені толтырыңдар.